

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

Аябек Абылайхан Ғайсаұлы

[otarbaevakzo@mail.ru](mailto:otarbaevakzo@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультеті «Құқықтану» мамандығының 2-курс магистранты Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Муратханова М.Б.

Сыбайлас жемқорлықты криминологиялық санат ретінде қарастырар болсақ, оның құқықтық зерттеуде жаңашыл объект емес екеніне анық көз жеткіземіз. Яғни, көптеген криминологтар, құқықтанушы ғалымдар бұл құбылысты түрлі қырынан зерделеп, сыбайлас жемқорлыққа тән қылмыстық мінез-құлықты бірнеше түрлерге бөліп қарастырған. Атап айтқанда, аталған белгілер бұл қылмыстың ұйымдасқан, экономикалық, қызметтік сипатқа ие құбылыс екендігін көрсете отырып, мемлекеттік институттар мен қоғамдық өмірдің бірқатар маңызды салаларының криминализациялануының ерекшеліктерімен ортаға шығады. Ал онымен күресу, бірінші кезекте, оның негізгі құқықтық, психологиялық себебін, оны жасайтын тұлғаның криминологиялық портретін анықтаудан бастау алады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы күрес сыбайлас жемқорлық қылмысының процестеріне тартылған адамды кешенді бағалаусыз, қылмыс жасаудың объективті және субъективті жағдайларына талдау жасамай, жүзеге асыру мүмкін емес.

Қылмыскердің жеке басы туралы, атап айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмысы субъектісінің жеке басы туралы нақты тұжырым жасауға болмайды. Адам түрлі ғылымдарды зерттеу пәні болып табылатыны белгілі. Сонымен, тұлға тек психологияның пәні ғана емес, сонымен қатар философиялық, қоғамдық-тарихи таным пәні болып табылады. Осы тұста келесідей құбылысты айта кету қажет, құқыққа қарсы мінез-құлқы бар адамдардың мінез-құлқын, оның ішінде оны қалыптастыру тетіктерін анықтаусыз заңға қарсы актілердің тиімді алдын алуға және жолын кесуге, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерімен, сондай-ақ жалпы қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруға болады. Әр түрлі құқық мектептерінің ойлаушылары, әлеуметтанушылары және криминологтары «жеке тұлға» ұғымын шамамен бірдей дәрежеде анықтайды, яғни, бұл адамның әлеуметтік тұлғасы, ал ол әлеуметтік даму процесінің нәтижесінде пайда болады. Жеке адамның осы анықтамасынан қылмыскердің жеке басы деп заңға қарсы әрекет жасаған адамның әлеуметтік бейнесін (қылмыс немесе құқық бұзушылық) түсіну қажет [1, 19].

Қылмыскердің жеке тұлғасын зерттеу барысында криминология өз алдына қылмыстық мінез-құлықтың заңдылықтарын, қылмыстың детерминациясын ашу мақсатын қояды. Мұнда криминология үшін келесідей маңызды міндет пайда болады: заңға қарсы мінез-құлық орнатудың жеке деңгейінде қалыптасатын немесе оларды іске асыруға ықпал ететін факторларды зерттеу.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдардың сипаттамасы екі түрлі: салыстырмалы дербес және елеулі ерекшеленетін криминологиялық портретті қамтиды. Яғни:

1) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті, мемлекеттік немесе муниципалдық қызмет бойынша оның мүдделеріне карамастан құқыққа қайшы артықшылықтар алған адамдар;

2) бірінші пункттегі тұлғаларға сол артықшылықтарды иемденуге жағдай жасаған тұлғалар.

Өзгеше айтқанда, біріншілері – пара алушылар, екіншілері – пара берушілер. Мұндай бөлудің негізге критерийі тұлғаның арнайы жария статусының бар-жоғын анықтаудың қылмыстық-құқықтық белгілерін зерттеуді қамтамасыз етеді [2, 36].

Сондай – ақ, қылмыстық статистиканың мәліметтері парақорлық үшін сотталған адамдардың 13% бұрын сотталған, оның ішінде: парақорлық үшін – 4%, өзге де пайдакүнемдік қылмыстары үшін – 6%, өзге де қылмыстары үшін-6%. Парақорлық үшін сотталғандардың барлық жиынтығынан 54% - ы параны беру, пара алу және парақорлыққа делдал болу үшін сотталған екенін көрсетті. Ал әлеуметтік зерттеушіледің жүргізген сауалнамасы сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін 135 адам сотталғандығын, олардың 72% - ы өз іс-әрекетінің қылмыстық құқыққа қарсы екендігі туралы хабардар болғанын, 96% - ы жазадан құтылуға арқа сүйегендер екенін, 83% - ы өздеріне тағайындалған жазаны қатаң деп есептейтіндігін және тек 2% - ы әділ жазаға тартылғандығын (15% - ы жауап беруге қиналғанын) көрсетті.

Егер пара алушының әлеуметтік–демографиялық белгілерін сипаттасақ, онда біз зерттелген қылмыстық істерге сүйене отырып, 2016 жылғы жағдай бойынша қылмыскердің орташа жас шамасы 33 жылды құрады, 2008-2010 жж.кезеңінде аталған жас 37 жасты құрады, яғни "жасарту" процесі орын алды. Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлғалардың өскендігін, (29% – әйелдер) феминизация деңгейінің арту үрдісін байқауға болады [3].

Жалпы қылмыспен салыстырғанда, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдардың орташа жасы неғұрлым жоғары, адамдар заңсыз сыйақы төлейтін белгілі бір шешімдер қабылдау мүмкіндігін адам тек жоғары лауазымымен айналыса отырып қана алатынын түсіндіруге болады. Жоғары лауазымға тағайындау алдында көбінесе білім алу, мансаптық өсу болады, бұл еңбек қызметінің ұзақ өтілін талап етеді. Жоғары лауазымға тек қана өмірлік тәжірибесі, байланысы, білімі, беделі болған жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар өздерінің сыбайластарына қарағанда жоғары дәрежесімен, білім деңгейімен ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар лауазымдық, қызметтік жағдайы бойынша да ерекшеленеді. Біз зерттеген қылмыстық істер бойынша сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған адамдар негізінен жоғары басшы буындағы лауазымды тұлғалар деп танылды. Біздің пікірімізше, мұндай субъектілер сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауға мүмкіндік беретін лауазымдық, қызметтік өкілеттіктерге ие. Мемлекеттік қызметтің орта буынының лауазымды адамдары кейде сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстардың дербес субъектілері бола алады, бірақ көбінесе қатысушы ретінде әрекет етеді.

Сыбайлас жемқорлық бағыттағы қылмысты жасаған қылмыскер тұлғасының маңызды сипаттамасы – оның білім деңгейі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған адамдардың басқа қылмыскерлермен салыстырғанда жоғары білім деңгейін жоғары екенін, яғни олардың 87% - дан астамының жоғары білімі бар екендігін түсіндіруге болады, бұлөз кезегінде заңды, өйткені мемлекеттік билік және басқару органдарының аппараты білікті мамандармен жасақталады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдардың отбасылық жағдайын қарастырайық. Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауға бағытталған, ниеттенген сәтінде және үкім шығару уақытында: пара алушылардың 82% - ы ресми некеде тұрды; 13% – ы ресми некеде болған жоқ; 5% - ы азаматтық некелік қатынаста болған.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандардың 94% – ы алғаш рет қылмыс жасағандар, 2% - ы екінші соттылығы және 3% - ы бірнеше соттылығы болғандар құрады[4].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін сотталғандардың 55% - ы оқу, жұмыс және тұрғылықты жері бойынша оң мінездеме алды, бұл мінездемеге олардың тәртіптілігі, жауапкершілігі, сыпайылығы мен әдептілігі, сондай-ақ адамдардың жақсы тіл табысатындығы айтылған.

Қазіргі уақытта жетекші криминологтар сыбайлас жемқорлықты криминологиялық нарықтың белгілі бір тұрақты секторы – заң деңгейінде тікелей тыйым салынған немесе белгілі бір арнайы нормалар мен ережелерді бұзудағы тұрақты айналым ретінде қарастырады.

Сыбайлас жемқорлық ұйымдасқан қылмыспен тығыз әрі берік байланыста. Соның салдарынан ұйымдасқан, топтық және жеке сыбайлас жемқорлық қызметке тартылған адамдардың спектрі өте кең және әр түрлі болып келеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басы, әдетте, екі аспектіде зерттеледі:

- біріншіден, әлеуметтік байланыстар мен ықпалдардың объектісі ретінде;
- екіншіден, белсенді, мақсатты, қайта құрушы қызметке қабілетті субъект ретінде.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскер тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін жеке қасиеттердің салыстырмалы тұрақты жиынтығы ретінде түсіну керек, олар әрекет етудің типтік нысандары мен мінез-құлықтың бейімделу тетіктерін, адамның өзі туралы елестету жүйесін, тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік өзара іс-қимыл сипатын айқындайды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басын зерттеу барысында оның мінез-құлқының уәждемесі туралы мәліметтер ерекше құнды болып табылады. Осыған байланысты, мысалы, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскерлер тек пайдакүнемдік ниетпен қылмыс жасайды деп ойлау қате болады. Олардың басым бөлігін мансаптық немесе билік сүйгіштік себептері бойынша талданатын әрекеттер жасайтынын ескерген жөн. Мұндай тұлғалар үшін айналадағы адамдар арасында үнемі тұрақты беделге ие болу маңызды. Ал жеке басын қамтамасыз ету мақсаты қосымша себеп болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басының негізінде қандай қасиеттер жататынын қарастырайық. Л. Р. Гибадуллинова, Ю. Г. Бабаева негізгі бес құрылымдық элементтерді ұсынады:

- мағыналар мен құндылықтар деңгейі (өмірлік мақсаттар, ұмтылу, мүдделер мен құндылық бағдарлары – );
- когнитивті-адамгершілік деңгейі (жеке өзін-өзі тану, жеке тәртіп ережелері, құқықтық сана, жауапкершілік пен борышты түсіну);
- эмоциялық деңгей (өмірге, мамандыққа, жеке мәртебеге қанағаттанушылық, өздігінен қарым-қатынас);
- реттеуші деңгей (бақылау дәрежесі, шешім қабылдау тетіктері);
- мінез-құлық деңгейі (ден қоюдың жетекші түрі) [5, 36].

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің әрбір деңгейінің қалай көрінетінін, оның сипаттамсын қарастырайық:

1. Мағыналар мен құндылықтар деңгейі өмірлік бағдарларды қамтиды және өмірлік идеалдар жеке тұлғаның бағыттылығының мазмұнды жағын құрайды және оның шындыққа деген көзқарасының ішкі негізін білдіреді. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басына тұлғаның рухани құндылықтарының емес, материалдық құндылықтарының басым болуы тән, бұл оның жеке мүдделерінің пайдасына жеке және қоғамдық маңызы бар бағдарлар арасындағы мүдделер қақтығысы жағдайында таңдауын алдын ала айқындайды. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа бейімі жоғары адам үшін бақыт пен игілік шарасы «болу» санаты емес, «ие болу» санаты маңызды әрі басым болады.

2. Когнитивті-адамгершілік деңгей адамгершілік мінез-құлықты, атап айтқанда: жеке, моральдық, әлеуметтік және құқықтық ұстанымдарды қамтиды. Егер адамгершілік мінез-құлықтың детерминанты құрылымында жеке ұстанымдар басым болса, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақтылық көрсеткіштері жоғары болады, өйткені бұл ұстанымдар

интериоризацияланған, жеке адамның адамгершілік қасиет өзін-өзі тануға тән, тиісінше ол жеке мінез-құлық нормаларына айналды. Егер моральдық детерминанттар басым емес-төмен болса, егер әлеуметі одан төмен болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықтылықтың көрсеткіштері құқықтық детерминант басым болған жағдайда ғана төмен болады, өйткені адамгершілік мінез-құлықтың негізгі реттеушісі адамға қатысты сыртқы ретрибутивтік әділеттілік қағидаттары болып табылады (көтермелеу және жазалау жүйесі).

3. Эмоциялық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті анықтау үшін маңызды бірнеше қатынастар талап етіледі: өмірмен, кәсіппен, жеке статусымен қанағаттану және өздігінен туындайтын ортамен қалыпты қарым-қатынас және т.б. Өмірмен қанағаттану шкаласы бойынша жоғары, орта және төмен деңгейлерді атап өтуге болады. Өмірмен қанағаттану шкаласы бойынша жоғары көрсеткіштер сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары төзімділікпен корреляциялануы тиіс.

4. Реттеушілік деңгейде сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті анықтау үшін бақылау дәрежесінің көрсеткіші маңызды болып табылады: адамның өз өмірін басқару көзін не көбінесе сыртқы ортада, не өзінде көруге бейімділігі. Осыған байланысты бақылау локусының екі түрі бар: интерналды және экстерналды. Экстерналды бақылау локусы бар адам өмірінің барлық жағдайларын сыртқы факторлармен: басқа адамдармен, тағдырмен, кездейсоқ жағдаймен, қоршаған ортамен байланыстыруға бейім келеді. Интерналды локусы бар адам өз өмірінде орын алған оқиғаларға жеке өзін жауапты санайды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімділігі жоғары тұлға – бақылаудың интерналды локусына ие болуы мүмкін.

5. Ал мінез-құлық деңгейінде ден қоюдың екі негізгі түрін атап өтуге болады: импульсивті және рефлексивті. Импульсивті түр үшін сыртқы тітіркендіргіштерге аяқасты эмоциялық реакция тән. Әсер етудің рефлексивті түрі кезінде адамның іс-әрекеті жағдайды логикалық талдау арқылы жүзеге асырылады. Әлбетте, бойында импульсивті әсер ету түрі басым адам аталған ден қоюдың рефлексивті түріне ие адамға қарағанда, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына бейім болады [6, 45].

Әрине, әр түрлі қылмыскерлердің, соның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаушылардың бөлінуі шартты сипатқа ие. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген типология сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басының криминогендік қасиеттерінің белгілі бір түрін, олардың төзімділігін немесе оң жаққа өзгеру мүмкіндігін дамыту дәрежесін көрсетеді, бұл сыбайлас жемқорлық мінез-құлқын мақсатты және тиімді түрде алдын алу үшін үлкен маңыздылыққа ие.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басы өзге қылмыскерлердің жеке тұлғасынан айтарлықтай ерекшеленеді. Негізінен-бұл отбасылық, жоғары білімі бар үлгілі қызметкерлер. Бұл тұрақты психикасы мен дүниетанымы бар адамдар. Сондай – ақ, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскерлердің басым бөлігі-материалдық табысы жоғары адамдар.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған қылмыскердің жеке басының ерекшеліктерін талдау қорытындысы бойынша аталған тақырып талассыз, егжей-тегжейлі зерделеуге лайық деген қорытындыға келеміз. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыспен тек осы құбылыспен түпкі ішінен бастап қана күресуге болады, мұны қылмыскердің жеке басын зерттеу проблемаларына жүгінбей іске асыру мүмкін емес. Бүгінгі таңда белгілі алдын алу мүмкіндіктерінің шектеулілігі және оның әлсіз тиімділігін өзге себептерден басқа, құқық қорғау органдарының практикалық қызметкерлерінің қылмысқа қарсы күрес саласындағы қызығушылығы негізінен қылмыстық актінің тікелей өзіне бағытталғандығымен түсіндіруге болады. Өкінішке орай, қылмыскердің жеке басын зерттеуге қазіргі уақыттың өзінде тиісті дәрежеде назар аударылмайды.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты статистика // <http://www.stat.dov.kz/protivodeystviye11korrupcii55dossabout4corrupt>;
2. Икрянникова, А.С. Понятие и структура личности преступника – соучастника коррупционного преступления (по материалам судебной практики городов Волгограда и Волжского) / А.С. Икрянникова // Вестник Волгоградской академии МВД России. – 2012. – № 3 (22). – С. 49.;
3. Абрамовская, О.Р., Майоров А.В. Криминологические особенности личности коррупционного преступника / О.Р. Абрамовская // Журнал Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – № 37 (291). – С. 54.;
4. Гибадулинова, Л.Р. Коррупционная преступность / Л.Р. Гибадулинова, Ю.Г. Юабаева // Успехи в химии и химической технологии. – 2014. – № 7. – С. 24.;
5. Марголина, Ж.С. О разграничении понятий коррупции и коррупционного поведения / Ж.С. Марголина // Общественная безопасность, законность и правопорядок в III тысячелетии. – 2016. – № 1–2. – С. 79.;
6. Саушева, Е.А. Криминологическая характеристика личности преступника, совершающего коррупционные преступления / Е.А. Саушева // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2013. – № 5. – С. 312.